

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Физика» пәнін көптілді  
оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Әдістемелік ұсынымдар

**Методические рекомендации по изучению предмета «Физика» в  
школах с национальным языком обучения**

Методические рекомендации

Астана  
2013

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2013 жылғы 20 қарашадағы № 5 хаттама).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол № 5 от 20 ноября 2013 г.).

Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Физика» пәнін көптілді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 21 б.

Методические рекомендации по изучению предмета «Физика» в школах с национальным языком обучения. Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2013. – 27 с.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Физика» пәнін көптілді оқыту бойынша әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Бұл әдістемелік ұсынымдар жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлері мен оқытушыларына, мұғалімдерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институттарының мамандарына, орта мектептің оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары мен мұғалімдеріне арналады.

В данном издании представлены методические рекомендации по изучению предмета «Физика» в школах с национальным языком обучения.

Предлагаемые методические рекомендации предназначены методистам, учителям школ, колледжей и студентам соответствующих специальностей педагогических высших учебных заведений, авторам учебников и УМК.

© Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық  
білім академиясы, 2013

© Национальная академия образования  
имени И. Алтынсарина, 2013

## Кіріспе

Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, өмірге белсенді көзқарас пен жоғары білімді жеке тұлғаны тәрбиелеу, мектеп қабырғасынан бастап оқушыларды ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қызметке қатыстыру, қазақстандық және әлемдік білім беру жүйесінің таңдаулы дәстүрлеріне сәйкес жалпы орта білімнің инновациялық моделін құру осы заманға сәйкес білім берудегі объективтік қажеттілік болып табылады.

Бүгінгі таңда қазақстанның білім беру жүйесіндегі басым бағыттарының бірі – жаңаша инновациялық көптілді білім беру моделін құру.

Көптілді оқытуды енгізудің идеялық негізіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Бізге кейбір пәндерді мектепте оқыту бір мезгілде қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізілуі туралы ойласу керек. Бұл – біздің бүкіл білім беру жүйеміз үшін жаңа міндет», - деген сөздері басшылыққа алынған.

Көптілді білім беру – бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын әлемдік ғылым құпияларына үңіліп өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік.

Сонымен бірге көп тілді оқыту ана тілге зиянын тигізбеуі керек. Осы мәселе ескеріліп, көптілді оқытуға қатысты әлемдік озық үлгілер ескерілуі қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, әр тілдің атқаратын функциясын да естен шығармауымыз қажет. Атап айтар болсақ, қазақ тілі – бұл мемлекеттік тіл, еліміздің ұлттық бірлігінің тілі, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – заман талабынан туындайтын апаратын тіл, өйткені әлемдегі ғылымға қатысты барша жаңалық ең бірінші кезекте осы ағылшын тілінде жарық көреді немесе жеткізіледі. Сонымен бірге біздің еліміз көп ұлтты мемлекет. Сондықтан оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізілетін жалпы орта білім беретін мектептерде бар. Осы ұлттық тілде оқытын мектептердің оқушылары пән мазмұнын ана тілінде оқи отырып басқа тілде де қолдана білуі керек.

Ендеше, мұндай қағидатты мәселелерді ескере келе, балаларға тіл тек қана меңгеріп шығу үшін емес, керісінше, нақты көрсеткіштерге, алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет екенін түсіндіруіміз керек. Жалпылама алғанда, білім берудегі көптілді ортаны қалыптастыру үшін пәндердің мазмұнын, оқыту технологиясын, әдістері мен тәсілдерін толық қайта қарастыруды қажет етеді. Бір сөзбен айтқанда, оқушыға білім пәннің мазмұнын және білім берудің тәрбиелік әлеуетін күшейту, көпмәдениетті ортаға бейімдеу, коммуникативтік құзіреттілігін дамыту арқылы берілуі тиіс.

Ұлттық тілде оқытын мектептердің оқушылары физика пәнінің мазмұнын ана тілінде оқи отырып басқа тілде де қолдана білу мәселесінің шешімдерінің бірі ретінде «Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Физика» пәнін көптілді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» атты оқу-әдістемелік нұсқау ұсынылады.

## 1 Пәнді көптілді меңгерудің тәжірибесінен

«Көптілділік» термині (ағылшын тілінде – multilingualism, mehrsprachigkeit) орыс тіліндегі мағынасы қоғамда әртүрлі тілдердің таралуы, жеке тұлғалардың бірнеше тілдік құралдар арқылы сөйлесу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі.

Энциклопедиялық сөздіктерде көптілділік белгілі бір өлшемді аумақта бірнеше (үш және одан да көп) тілдердің әрекет етуі, сөйлесу қажеттілігіне қарай адамның бірнеше тілді білуі мен қолдануы. Көптеген аймақтарда көптілділік құбылысы қостілділік сияқты жиі кездесе бермейді, себебі, бірнеше тілдерді қолданудың деңгейі және қызметтік мәртебесі шағын аймаққа ие. Ол көбіне жалпы білім беретін мектептерде және басқа да оқу орындарында оқытумен шектеледі [1].

Өркениетті елдерде еңбек ресурстарының бәсекелестігі тікелей білімге қатысты. Әсіресе, қазіргі әлемдік жаһандану кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнының ұлттық құндылықтарға, мәдениетаралық түсінік-пайымға, ақпараттық жетістіктерге, сонымен бірге, әрине, халықаралық тілдерді меңгеру үрдісіне де қатысы орасан.

Әлемдік білім беру іс-тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаналық емес, атап айтқанда, АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе соңғы жылдарда бұл бағытта жетістіктерге қол жеткен. Әлемдік білім берудің іс-тәжірибесі негізінде де (АҚШ, Франция, Англия, Германия елдерінде) мемлекеттік тілді білу арқылы жүзеге асыру басшылыққа алынады.

Көпмәдени және көптілді білім беру мәселесінің өзектілігі бүкіл әлемнің экономикалық, мәдени және саяси салаларының интеграциясына бет алуымен тығыз байланысты. Біздің тануымызша, көптілді білім беру бірнеше тілді қатар оқу арқылы арнайы білім алу және әр түрлі елдер мен ұлттардың тарихи-мәдени және әлеуметтік тәжірибелерін меңгеру және соның көмегімен әлемдік мәдениетке мақсатты түрде қосылу үдерісі.

Қостілділік екі түсіндірілуде біріншісі екі немесе бірнеше тілді әр түрлі деңгейде білу, ал екіншісі екі немесе бірнеше тілді ана тілін білу деңгейінде меңгеруі.

Көптілділікті қалыптастыру - өмір талабынан туған мәселе. Өйткені егемен еліміздің әрбір маманының күзіреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі тілді меңгеруінен анық аңғарылытындығы шындық.

Қазіргі таңда көптілділік құбылысы дәстүрлі үш аспектіде: лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік тұрғыдан қарастырылуда. Лингвистикалық аспектіде негізінежатына стағы тілдердің құрылысының өзара әсеріні қаншалықты өзгеруі, бір-біріне әсері қандай деңгейде таза тілдік құбылыс ретінде қарастырылуы көрсетіледі. Көптілділікті лингвистикалық аспектіде қарастырған У.Вайнраих көптілділік мәселесі лингвистикалық тұрғыдан бірнеше қатынастағы тілдік жүйелерді сипаттау, бір тілді меңгеру барысында туатын қиындықтар, интерференция құбылысы, сонымен қатар қатынастағы әр тілдегі ауытқулармен байланыстырады. Көптілділік мәселесі лингвистикалық аспектіде тілдің әр түрлі деңгейінде көрінетін интерференция болып табылады. Интерференция оқып-үйреніп отырған тілдегі ауытқудың бірінші тіл әсерінен

туындайды. Тілдік қатынас мәселесін кез - келген аспектіде зерттеу кезінде тіл мен сөйлеу қатынасы, тіл мен ойлау, тіл мен қоғам арақатынасы ескерілуі тиіс [2].

Оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқытуға, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең жоғары қажеттілік ретіндегі көптілді білім берудің маңызы айқындалады.

Осы бағдарламаны іске асыруда отандық білім беру жүйесінің үлесі басым болмақ. Алдымен қазақстандық білім жүйесі бәсекеге қабілетті болу үшін, мектеп түлектері кез келген шет елде оқуын жалғастыра алатын деңгейге жетуі қажет. Қазақстан білімінің жақсы дәстүрін сақтай отырып, оқушыларды халықаралық біліктілік сапасымен қамтамасыз ету кейінге қалдырылмайтын мәселе.

Сондықтан көптілде білім беретін және оқушының мүмкіндігін барынша ашатын, оқушының қызығушылығын, икемділігі мен қабілеттілігін толықтай есепке алуға жағдай жасалатын жаратылыстану - математикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын зияткерлік мектептер жүйесін құрылуда.

Жалпы орта білім беруде оқыту оқушыларды бейінді оқуға бағыттауға және беделді ұлттық, шетелдік жоғары оқу орындарында оқуға жоғары сынып оқушыларын нысаналы даярлауға бағытталуы тиіс. Осылайша Зияткерлік мектептер жүйесін жаңа нысандағы ұстаздар құрамын, оқуға және өз-өзін жетілдіруге бағытталған оқушылар ортасын құруға және оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар мен әлеуметпен берік қатынастар орнатуға ықпал ететін инновациялық орта ретінде қарастыруға болады.

Мектептегі көптілдік білім берудің жағдайы: 2011-2013 оқу жылында республикамызда жалпы білім беретін мектептерде балаларды оқыту 7 тілде жүргізіледі: қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік, неміс, және ағылшын.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінде 3838 және орыс тілінде 1442 оқытатын мектептер басым (орта және жоғары оқу орындары жанындағы мектептерді, арнайы үзету мектептерін қоспағанда). Сонымен қатар 60 мектепте оқыту өзбек тілінде, 13 – ұйғыр, 8 - ағылшын, және 2 - тәжік тілінде жүргізіледі. Сондай-ақ 2161 мектепте оқыту екі немесе одан көп тілдерде жүргізіледі. Өткен оқу жылымен салыстырғанда оқыту тек қана өзбек тілінде жүретін мектептер саны 2 мектепке өсті.

2012/2013 оқу жылында республика мектептерінде білім беру бағдарламасы аясында, сонымен қоса факультативті және дербес пән ретінде, дұнған (4140 оқушы), түрік (2194), ұйғыр (4087), ағылшын (1624), поляк (645), күрд (426), әзірбайжан (339), корей (197), татар (42) және басқа ұлттық тілдерді оқыту ұйымдастырылды. 2012/2013 оқу жылының басына республикада әр түрлі пәндерді тереңдетіп оқыту мүмкіндігімен 1644 мектеп, одан 289 мектеп - гимназиялық және 65 мектеп лицейлік - сыныптармен жұмыс істеді.

2011-2012 оқу жылында республикамызда көптілді білім беретін 33 «Мұрагер» арнайы мектептері; дарынды балаларға арналған 115 арнайы

мектеп, 6 Назарбаев зияткерлік мектептері, 2 «Мирас» мектебі, 2 «Хэйлибери» мектебі, 29 қазақ-түрік лицейлері жұмыс істеді.

Қазақ-түрік лицейлерінде оқыту төрт тілде жүргізіледі. Атап айтқанда математика, информатика және жаратылыстану циклі пәндері ағылшын тілінде, қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы мен Қазақстан географиясы, «Адам. Қоғам. Құқық», дүниежүзі тарихы қазақ тілінде, дүниежүзі географиясы, түрік тілі пәндері түрік тілінде, орыс тілі мен әдебиеті пәндері орыс тілінде оқытылады.

Алматыдағы «HaileyburyAlmaty» мектебінің оқу жоспары Ұлыбритания мемлекетінің стандарты негізінде жасалған. 12-сыныптарда сабақ беруді мұғалім мен оның екі көмекшісі жүргізеді. Көмекшілер қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген. Көмекшілердің негізгі міндеті тақырыптың түсініксіз тұстарын түсіндіру және оларды ағылшын тілінен қазақ немесе орыс тілдеріне аудару, білім ағу ынталандыру, сонымен қатар ағылшын тілін оқуға қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Негізгі және жалпы орта деңгейлерге арналған оқу жоспарында ағылшын, қазақ (Қазақстан азаматтары үшін) тілдері, математика пәндерінен емтихан тапсыру міндетті деп белгіленген.

Халықаралық «Мирас» мектебі - Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Бакалавриат бағдарламасының философиясы мен оқыту қадамдарын ұлттық білім беру стандарттарының мазмұндық компоненттерімен кіріктіру арқылы жаңа педагогикалық технологиялар және оқыту әдістерін енгізетін мектептің инновациялық үлгісі болып табылады.

Қазіргі кезде «Мирас» мектебі – 3 жастан 18 жасқа дейінгі студенттерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқытатын үздіксіз білім беру кешені. Физика пәні ағылшын тілінде оқытылады.

Әлемдік білім стандарттарына сай келетін, өптілділікті үлгі ететін білім кешендеріне Павлодар облысының кейбір мектептеріне де енгізіле бастады. Ол – тілдік емес пәндер (биология, физика, информатика, математика т.б) үш және одан өп тілде когнитивтік -коммуникативтік технология бойынша қытуға негізделген.

## **2 Пәнді көптілді меңгерудің дидактикалық тұрғысы**

Елбасымыз жүздеген әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер қатарынан орын алуымызға мүмкіндік беретін басты негіздердің бірі жастарымыздың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау болып табылады. Әлемдік білім беру және білім алу кеңістігінде бәсекеге барынша қабілетті кірігудің тиімді жолдарының бірі - әрбір қазақстандықтың кемінде 3-4 тіл білуі деп атап өтілді.

Тағы бір өзекті мәселе – көптілдікті дамыту барысында оқушылардың жүктемесін нормадан тыс асырмау. Тілдік пәндердің мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы осы бағытта атқарылатын істердің бірі болып саналады.

Мектептің оқыту тіліне қатысты емес басқа тілдердің мазмұнын оқушының қазіргі және болашақ мүддесінен шығаруды қажет деп санаймыз. Сонда мектептің төменгі және орта буыны оқушылардың күнделікті қарым-қатынас жасау және қоршаған ортаға байланысты әңгімелесу тәңірегінде екінші – үшінші тілдерді меңгерсе, жоғары сыныптарда және кәсіптік білім беру жүйесінде сол тілдер пәндерінің мазмұны таңдаған болашақ мамандық аясын жүйелі функционалды түрде қамтуы тиіс. Жүйелілік дегеніміз – екінші-үшінші тіл пәндерінің мазмұнын белгілі бір мамандардың кәсіби қарым-қатынасының нобайына ықшамдау.

Сонымен қатар, бүгін туындап отырған мәселе – ұйғыр, өзбек, тәжік тілде оқытылатын мектептерде мемлекеттік тілді меңгеруге ықпал ету. Ол үшін тек қана қазақ тілі сабағымен шектелмей, тілдік емес пәндерді де қазақ тілінде оқыту мәселесі көтерілуде. Бұл мақсат оқушылардың ЖОО –на түсуіне жағдай жасау.

Тілдік емес пәндерді көптілде оқыту мәселесін қолдану үшін дидактикалық тұрғыдан К.Н. Булатбаеваның ғылыми еңбегін қолдануға болады. Онда көп тілді оқытудың когнитивтік -коммуникативтік жолы жағдайында оқытудың жаңа бірліктері - функционалды-мағыналық өріс, лексикалық-семантикалық өріс, диалогтың құрылымдық-мазмұндық типтері, монологтың құрылымдық-мазмұндық типтерін қолдануды көрсеткен [3].

Оқытудың когнитивтік-коммуникативтік жолы негізгіш принципке – жүйелікке, функционалдыға, коммуникативтікке – негізделеді. Осы негізгі принциптермен қатар, когнитивтік -коммуникативтік оқыту жолында тағы да аталған ғалымның ұсынып отырған тілдік немесе тілдік емес жүйенің когнитивтік құрылымдарын таныту принципі, қатынастың ықтималды тақырыбы мен соған сәйкес сөйлеу интенциясын ескеру принципі, лексикалық-грамматикалық материалды өрістік таныту принципі, нақты шындықтың когнитивтік құрылымдары мен соларды көрсететін тілдік жүйенің когнитивтік құрылымдарын параллельді таныту принципі, монологты сөйлеу мен диалогтық қатынастың стратегиясы мен тактикаларын ескеру принципі [4].

Жекелеген курстар бойынша оқу -әдістемелік кешендерді жасағанда осы принциптердің әр қайсысының мәні мен оларды өткеру жағдайларының ашылуы қажет.

Жоғарыда аталған принциптердің негізінде тапсырмалардың тиісті типологиясы жасалып беріледі.

Шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру ретінің тұрғысынан когнитивтік -коммуникативтік жол шеңберінде жаттығулар былайша жіктеледі:

- 1) тақырып бойынша когнитивтік құрылымдарды меңгеруге бағытталған жаттығулар;
- 2) когнитивтік құрылымдарды вербализацияларға (сөздендіруге) арналған жаттығулар;
- 3) когнитивтік құрылымдарды вербализациялаудың сан алуан тәсілдерін меңгеруге ықпал ететін жаттығулар;

4) вербализация әсілі мен қатынас жағдайын сәйкестендіре білуді қалыптастыратын жаттығулар.

Жаттығулар жүйесінің мазмұны әрдайым қатынастың бағдарламалық тақырыптарымен және экстралингвистикалық минимумдардан алынған сәйкес материалмен нақтыландырылып отырады.

Мектепте өп тілді оқытудың сипатталған концептуальдық жо лы оқытушының оқу үрдісін бүкіл оқу жылдарына, белгілі бір сыныпта бір оқу жылына, тоқсанға, сабақтарды тақырыптық циклға, белгілі бір сыныпта нақты бір сабақ жоспарлауына көмектеседі; пәндік, тілдік, сөйлеу, коммуникативтік, этноменитанымдық біліктілікті үйелі және өзара байланысты қалыптастыруға ықпал етеді; оқушыларды нақты өмірде туындауы мүмкін тақырыпта және тілдік емес пән бойынша барлық тақырыпта сөйлеуге дайындайды; қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдарды мақсатты да саналы іріктей білуге үйретеді; оқыту нәтижелерін (ағымдық, аралық, қорытынды бақылау) қадағалайды.

Сөйтіп, мектепте көп тілді оқытудың когнитивтік-коммуникативтік жолы жағдайында экстралингвистикалық материал оқушылардың коммуникативтік біліктілігін жеткілікті деңгейге жеткізу мақсатында мақсатты, жүйелі, нәтижелі оқу үрдісінің ғылыми іріктелген базасы болып табылады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде мынандай қорытынды жасаймыз:

1 Оқушыларда нақты пәннің тақырыбы, бөлімі, аяқталған курсы бойынша ұғымдық аппараттың қалыптасуын, тілді өзіндік ерекшеліктері бар әр деңгейлі ретінде үсінуін, сөйлем құрағанда әр деңгейлі бірліктердің рөлдерін білдіретін тезаурустық (пәндік) біліктілік көп тілділікті қалыптастырудың іргелі базасы болып табылады.

2 Тақырыптық циклдің бірінші сабағында тақырып бойынша талқылау «пәннің» нобайы айқындалады, өз кезегінде цикл соңында оқушылардың қорытынды монологтық сөйлеуі деңгейінде нәтижелілігі білінеді. Көңілдегі ой үнемі түгел айтыла бермейді. Қатынас кезінде ойыңды түсінікті, орайлы етіп жеткізу үшін еңбектенуің қажет. Сондықтан барлық бағдарламалық тақырыптар бойынша когнитивтік құрылымдар немесе фреймалар анықталуға тиіс.

3 Көрсетілген фреймдық құрылымдар негізінде лексикалық-грамматикалық құралдардың функцияларын саналы меңгеру өтеді. Сабақта материалды тақырыптық ұйымдастыру саналылық принципін жүзеге асыруға ықпал етеді, ол екінші тілді оқытудың қазіргі әдістемесінде теориялық білімді саналы меңгеру емес оқушыларда іс жүзінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тұғырында шешіледі.

4 Сабақтардың тақырыптық циклі - тезаурустық, тілдік, сөйлеу, коммуникативтік, этноменитанымдық біліктілерді кешенді қалыптастыру үшін қолайлы негіз. «Тақырыптық сабақ материалды алғаш қабылдағаннан оны өз сөзінде қолданғанына дейінгі оқушы жұмысын ұйымдастырады», Орамды сөздің дамуы қатынастың сипаты мен жағдайына, нақты материалға қатысты. Тақырыптық сабақтар байланыстырып сөйлеуді дамытуға ықпал етеді,



қалыптасу үрдісінің қисынды сабақтастығын қамтамасыз етеді, әдеби тілдің қажетті үлгілерін ұсынады.

5 Қатынас тақырыптарын әдістемелік жағынан кезеңдеп бөлу (тақырыптық минимум негізінде) оқушылардың санасында қатынас тақырыбы мен тілдік функционалдық – семантикалық өріс арасында берік байланыстың қалыптасуына мүмкіндік береді.

6 Сабақты тақырыптық -циклдік ұйымдастырғанда шағын тақырыптар циклінде ең маңызды тұрақты қайталана беретін «...туралы менің ойым» оқушыларды өзге тілде қарастырылып отырған проблемаға өз көзқарасын білдіруге үйретеді. Материалды есте сақтау мен жаңғыртуға материалдық объективті байланысығана емес, оған адамның бағытынан, қондырғысынан және материалдың адам үшін мәнділігі көрсететін әсерлік сипатынан туындайтын қатысы да ықпал етеді.

7 Мектепте сабақты тақырыптық -циклді ұйымдастырудың көп тілді оқытудың стратегиялық мақсатымен тікелей байланысты ең басты қорытындыға санауға болады: осындай оқытудың қорытындысында мектеп түлегі өзге тілде кез келген өмір тақырыбында немесе тілдік емес пәннің тақырыбы бойынша еркін сөйлесе алады.

Осыған байланысты физика пәнінің сабағында көптілде жүргізу арқылы үш тілді оқыту бағдарламасы іске асырылады. Жұмыс барысындағы басты мәселе - оқу материалын қазақстандық стандартқа сай сәйкестендіру. Бұл бағдарлама 7-11 сыныптың физика курсына толық қамтылуы қажет. Сабақ көп тілде берілетіндіктен уақытты үнемдеу жолдарын қарастыру керек. Негізінен физика пәнін көптілде оқыту кезінде сабақта қолданылатын жаңа ұғымдарды ана тілі және қарастырып отырған тілдерде таныстыру қажет. Сабақ барысында қосымша берілетін физика-техникалық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастырады [5,6]. Практикалық жұмыстарға баса көңіл бөлінеді. Әр тараудың соңында міндетті түрде практикалық, бақылау жұмыстары жүргізіледі. Тарау мақсаттары, міндеттері, негізгі түйінді мәселелер және тірек ұғымдар мен қоса тарау мақсаттарына жетудің негізгі кезеңдері келтіріледі. Олар: қызығушылықты ояту, жаңа ұғымдарды енгізу, оқушының зерттеушілік және танымдық дағдыларын қалыптастыру кезеңдері.

Физика пәнін көп тілде оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып ойын толық жеткізе білуге, әртүрлі бақылаулар мен тәжірибелер жүргізуге, физикалық құбылыстарды ерін-еркін сипаттай білуге құлшындырады [7,8]. Қарапайым көрсетулер оқушыны өздігінен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі. Ең бастысы оқушының көп тілді меңгерудегі сөздік қоры толығымен, сөйлеу дағдысы қалыптасады.

### 3 Тілдік құзыретін және пән бойынша функционалды сауаттылығын дамыту мазмұны, әдістері және нысаны бойынша ұсынымдар

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалды сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады.

Оқушылардың функционалды сауаттылығы орта мектеп оқушысының белгілі бір деңгейдегі білімінің жиынтығымен, соның негізгі құзыреттіліктерін білуімен, соны тиімді қолдана білетіндігімен қалыптасады.

Осы тұрғыда әлемдегі мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалау жүргізетін PISA зерттеулері де негізгі құзыреттіліктерді үш бағыт бойынша анықтайды, яғни тестілеу барысында функционалды сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – ғылыми білім негізінде қоршаған әлемді танып білу және оларды жаратылыстану-ғылыми құбылыстарды түсіндіруде, бақылау мен тәжірибелерге негізделген қорытындылар алуда білімді қолдана білу қабілеті[9].

Осы тұрғыда оқушылардың функционалды сауаттылығы өмірден алатын білім, білік және дағдыларды адам жұмысының әртүрлі саласындағы алуан түрлі тапсырмаларды шешудің, еңбек өнімділігі мен әлеуметтік-экономикалық дамудың тұтас алғандағы әлеуметтік қатынастардың оқушының меңгеретін білім мазмұнымен байланысы арқылы қалыптасады.

Қазіргі уақытта «Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің Қазақстан мектептерінде оқытылуы заманауи талаптардан кенже қалғанын және осыған орай бүкіл білім жүйесінде кешенді шаралар қабылдау қажеттігін көрсетіп отыр. Кейбір фактілермен бірге оқушылардың жаратылыстану ғылымы бойынша білім нәтижелерінің жеткіліксіздігі пән мазмұнының тым теорияландырылып берілуімен, оқытудың практикалық өмірлік сұраныстары мен және одан әрі кәсіби әрекеттерімен байланыстың әлсіздігімен негізделеді. Осының салдарынан оқушылар жобалаудың практикалық біліктері мен дағдыларын жеткіліксіз меңгеріп, инновациялық технологияларды мен олардың өнімдерін пайдалану туралы ақпараттарды аз қабылдайды.

Сондықтан «Физика» пәнінен оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру бойынша білім мазмұнын жаңартуды келесі жолдармен жүзеге асырылуды ұсынамыз:

– физика ғылымдарының, инновациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін енгізу;

- ұлттық компонентті кеңейту;
  - Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуын негізге ала отырып, оқытудың өндірістік, технологиялық үдеріспен байланысын ірілендіру және жаратылыстану өндіріс саласындағы болашақ кәсіби кадрларды дайындау;
  - оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту, өз елінің табиғи байлығын қорғау мен көбейту негізінде жаратылыстану саласында білім берудің экологиялық құраушысын кеңейту;
  - мектептегі жаратылыстану-ғылыми білімді жетілдіру әкесінше пәндердің оқу бағдарламаларын күрделендіру арқылы жүзеге аспауы тиіс, керісінше оқыту үдерісі оқушылардың практикалық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға, оқу жобаларын орындаудағы креативтілік ойлауын қалыптастыруға, алған білімдерін болашақ кәсіби қызметтерінде қолдана білуге дайындауға бағытталуы тиіс;
  - өздігінен орындайтын тәжірибелік, эксперименттік жұмыстарды сан түрлі әдістер мен технологияларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылықтарға жататын бөлігіне ерекше мән беріп, жүйелеп үйрету;
  - жазбаша жұмыстарды, практикалық, зертханалық тәжірибелерді, түрлі біліктерді, құзыреттіліктерді қажет ететін өздік жұмыстар мен тапсырмаларды іс жүзінде орындау.
- Осы айтығандардан оқушылардың жаратылыстану саласы бойынша функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру үшін білім беру деңгейлеріндегі жаратылыстану пәндерінің мазмұнына әрекеттік сипаттағы келесі білімдерді кіріктіру қажет:
- күнделікті өмірде бізді қоршаған физикалық құбылыстарды қауіпсіз және тиімді пайдалану;
  - технология және полимерлер өндірісі, жаңа құрылыс және құрастыру материалдары, ауыл шаруашылығы және биотехнология және т.б. облыстарындағы алғашқы практикалық дағдыларының болуы тиіс;
  - физика пәні бойынша практикалық жұмыстарды жобалау, моделдеу және орындау, диаграммаларды, реакция теңдеулерінің сұлбаларын оқи білу;
  - байқау немесе өлшеу нәтижелерін кестелер, графиктер көмегімен көрсету;
  - моделдердің көмегімен қоршаған әлемдегі табиғи құбылыстарды түсіндіру, мәліметтерге талдау жасау негізінде қорытынды жасау;
  - жаратылыстану аймағындағы зерттеулердің негізгі ерекшеліктерін түсіну;
  - алған білімдері негізінде физикалық құбылыстарды түсіндіру немесе суреттеу, сонымен қатар өзгерістерді болжау;
  - қорытынды шығару, оларды талдау және негіздемесін бағалау үшін ғылыми дәлелдеулерді және мәліметтерді пайдалану;
  - физикалық шамаларды анықтау (өлшеу), болжамдарды тексеру;
  - жазылым бойынша глоссарий, эссе, ңекөлемді зерттеу жұмысының нәтижесін жазу, есептер және шағын диссертациялар, әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып презентациялар құрастыру;

– оқылым бойынша блиц-аударма, мөнерлеп оқу, презентация бойынша нақты сұрақтарға жауап беру; ауызша презентация жасау;

– тыңдалым бойынша дәріс, үнтаспалар мен бейнетаспаларды тыңдау (оқулықтарға қосымша ретінде авторлар түрлі аудиоматериалдар әзірлеу керек), сыныптастарының ауызша жұмыстарын тыңдау, диа лог, монолог құрастыру, рөлдік ойындарға қатысу, тренинг, пікірсайыстарға қатысу.

Функционалдық сауаттылықтар жүйесін құрастыру білім алуға апаратын білім беру деңгейлерінің әрбір пәндегі біліктер мен құзыреттіліктерді іріктеп, олардың өзара сабақтастық байланысын айқындаудан басталады. Ал функционалдық сауаттылықты құрайтын нысаналар, ұғымдар, ұстанымдар, ережелер, заңдылықтар, біліктер, құзыреттіліктер т.б. бірінен-бірі туындайтын немесе үндесетін жүйе ретінде қарастырылып, әр оқу жылында және білім беру деңгейлерінде олар толығымен, тереңдей түседі және оларды білім берудің нәтижесі ретінде нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы түрде білім беру деңгейлері бойынша анықтап алу қажет.

Негізгі орта білім беру деңгейі оқушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағыттталып, жоғары рухани-адамгершілік қасиеті мен функционалдық сауаттылығының қалыптасуын, бейімалды дайындықтың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Жалпы орта білім берудегі жаратылыстану -математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейінді оқытуға, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлауға бағыттталып, оқушылардың табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз етеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын табысты ету үшін, тиімді жұмыс жүйесін құру қажет:

1) әртүрлі оқу пәндерінің тақырыптық материалдарынан тапсырма даярлау керек, оның дұрыс орындалуы білім мазмұнының кіріктірілуін талап етеді;

2) әртүрлі ақпарат дайындау (мәтін, кесте, графиктер) қажет;

3) шығармашылық тапсырмаларды сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды арттыру керек.

Сонымен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша сыныптар мен білім берудегі әрбір арасында оқу пәндері мазмұнының сабақтастығын жүзеге асырудың жолдарын тұжырымдауға болады:

– бастауыш сыныпта қалыптасқан функционалдық сауаттылықтар жүйесі келесі сыныптарда қолданылатынын ескеріп, олардың өзара сабақтастығының сақталуын мұқият қадағалау қажет;

– функционалдық сауаттылықтың маңызын түсінген оқушы әрбір пәндегі берілген білімге қол жеткізудің бірден бір тиімді құралы ретінде қабылдауы тиіс;

– оқу үдерісін ұйымдастыру, өздік жұмыстар мен іс-әрекеттік, практикалық жұмыстар орындату мұғалімдердің негізгі міндетіне айналуы тиіс;

– қазіргі 11 жылдық мектептің мұғалімдері физика пәнінің көмегімен функционалдық сауаттылықтарды біліктілікпен байланыстырып жалпылауға жауапты болуы тиіс;

– пән мұғалімі жаңадан қосылған функционалдық сауаттылықтардың білім деңгейлері бойынша байланысын оқу үдерісі кезінде ескертіп отыруы тиіс;

– сыныптан сыныпқа көшкен сайын жаңа пәндердегі молая әрі күрделене түсетін функционалдық сауаттылықтар жүйесін меңгеру және оларды тиімді қолдана білу оқушының мектептегі ең басты жетістігі ретінде қабылдануы заңды құбылысқа айналуы тиіс;

– молая әрі күрделене түсетін функционалдық сауаттылықтар жүйесін оқушылардың жүйелі түрде жадында ұстауын қадағалап, ұмытылғандарды қайта есіне салып, осыған орай тапсырмаларды орындату ұстаздардың басты міндетіне айналуы тиіс.

Жоғарыда талданған тәжірибе негізінде, оқушылардың тілдік құзыретін және пән бойынша функционалды сауаттылығын дамыту ұсынымдарын ескере отырып ұлттық тілді мектептерде «Физика» пәнін көптілде (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тілі) оқытуға негізделген бір сабақтың жоспарын ұсынамыз. Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Физика» пәні сабағын көптілді оқыту кезінде оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып ойын толық жеткізе білуге, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге, физикалық құбылыстарды емін-еркін сипаттай білуге назар аударылады. Дүниеден алынған есептер оқушыны өздігінен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды.

**Сабақтың тақырыбы:** Дене импульсі. Импульстің сақталу заңы.

Импульс тела. Закон сохранения импульса.

Жисим импульси. Импульснің сақланиш қануни.

Жисим импульси. Импульснинг сақланиш қонуни[10].

**Сабақтың мақсаты:**

Оқушыларда дене импульсі, күш импульсі ұғымы туралы түсінігін қалыптастыру, Ньютонның екінші заңын жаңа тұжырымда таныстыру, импульстің сақталу заңын қорытып шығару, осы заңның физикалық мазмұнын және физикалық ұғымдарды пайдалана алу біліктерін қалыптастыру.

Сформировать понятия: импульс тела, импульс силы; представить второй закон Ньютона в новой формулировке; вывести закон сохранения импульса, рассмотреть его физическое содержание и условия применения.

Оқуғучиларның жисим импульси, импульс күчи тоғрисидалики чүшәнчисини келиплаштуруш, Ньютонның иккинчи қануини йеңи чүшәнчә даирисидә тонуштуруш, импульснің сақланиш қануини хуласиләп чиқириш, физикилик чүшәнчиләрни пайдилинишни билишни келиплаштуруш.

Ўқувчиларнинг жисим импульси, куч импульси тушунчалари ҳақидаги тасаввурларини шаклантириш. Ньютоннинг иккинчи қануининг янги таърифини тушунтириш, импульснинг сақланиш қонуини келтириб чиқариш, физик тушунчалардан фойдалана олиш кўникмаларини шаклантириш.

**Көрсетілімдер.**

Импульстің сақталу заңы.

### **Жаңа сабақты түсіндіру**

Сабақтың басында сабақта қолданылатын жаңа ұғымдармен таныстыру қажет. Сабақ барысында қосымша берілетін физика-техникалық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастырады. Осы мақсатта тақырыбы «Дене импульсі. Импульстің сақталу заңы» сабағында қолданылатын негізгі тақырыптық, терминологиялық сөздерді ұсынамыз (1-кесте).

1- кесте – Тақырыптық, терминологиялық сөздік

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ұйғыр тілінде	Өзбек тілінде
Дене импульсі	Импульс тела.	Жисим импульси	Жисм импульси
Импульстің сақталу заңы	Закон сохранения импульса	Импульсниң сақлиниш қануни	Импульсиниң сақлиниш қонуни
күш импульсі	импульс силы	Күч импульси	Куч импульси
Импульстің сақталу заңы:	Закон сохранения импульса	Импульсниң сақлиниш қануни	Импульсиниң сақлиниш қонуни

Табиғаттың заңдарының ішінде бәріне жалпы және маңызды - сақталу заңдары болып табылады. Жүйенің бастапқы және соңғы күйін сипаттайтын шамалар арасындағы қатынас кезкелген сақталу заңдарында орындалады.

Сақталу заңдары тек қана тұйық механикалық жүйе үшін орындалады, сол себептен мынадай ұғымдардың мәнін ашу қажет "механикалы жүйе", "тұйық жүйе", "сыртқы және ішкі күштер".

Импульстің сақталу заңын оқытқанда сабақты соқтығысқан екі денеден тұратын тұйық жүйеден бастаған жөн. Бұл заңды екінші және үшінші динамиканың заңдарының негізінде шығару толығымен қисынды. Осы екі соқтығысқан дене импульсінің өзгерісі модуль бойынша бірдей, бірақ қарама-қарсы таңбада екені дәлелденеді.

Бұдан әрі заңның тұжырымдамасы беріледі: Тұйық жүйе құрайтын дене импульсінің геометриялық қосындысы, осы жүйеде кезкелген өзара әрекеттесетін дене үшін тұрақты болып қалады.

Сабақта импульстің сақталу заңының векторлық сипаттамасына назар аудару маңызды. Сонымен бірге, импульстың сақталу заңы тек қана инерциалды санақ жүйесінде орындалатынын көрсету қажет.

Среди огромного числа законов природы наиболее общими и важными являются законы сохранения. Любой из законов сохранения представляет собой некоторое соотношение между величинами, характеризующими начальное и конечное состояние системы. Законы сохранения справедливы лишь для замкнутых механических систем, поэтому необходимо ввести такие понятия, как "механическая система", "замкнутая система", "внешние и внутренние силы".

Для простоты рассуждений рассмотрение закона сохранения импульса целесообразно начинать для замкнутой системы, состоящей из двух сталкивающихся тел. Выводят этот закон на основе второго и третьего законов динамики, что вполне логично. Доказывается, что изменение импульсов этих двух сталкивающихся тел одинаково по модулю, но противоположно по знаку. Далее формулируется закон: геометрическая сумма импульсов тел, составляющих замкнутую систему, остается постоянной при любых взаимодействиях тел этой системы между собой.

Важно обратить внимание на векторный характер закона сохранения импульса. Также, необходимо показать, что закон сохранения импульса применим только в инерциальных системах отсчета.

Йеңи мавзуни чүшәндүрүш: Тәбиәт қанунлириниң ичидә әң әһмийәтлиги сақлиниш қанунлири болуп һесаплиниду. Қанунларниң дәсләпки вә ахирқи һалитини тәсвирләйдигән санлиқ нисбәт һәр қандақ сақлиниш қанунлирида орунлиниду.

Сақлиниш қануни пәкәт туюқ механикилик система үчүн орунлиниду, шуниң үчүн төвәндики чүшәнчиләрниң мәзмунини ечиш керәк: «механикилик система», «туюқ система», «ички вә сиртки күчләр».

Импульсниң сақлиниш қанунини оқутқанда дәрисни тоқунушқан икки жисимдин туридигән туюқ системидин башлиған орунлуқ. Бу қанунни иккинчи вә үчинчи динамикилик қанунларниң асасида чиқарған дурус. Мошу икки тоқунушқан жисимлар импульсиниң өзгириш модули бойичә бирдәк, бирақ қариму-қарши бәлгүдә екәнлиги испатлиниду.

Буниндин кейинки қанун: Туюқ система түзәйдигән жисим импульсиниң геометриялик кошундиси мошу системидә һәр қандақ өз ара тәсирлишидигән жисим үчүн тураклиқ болуп қалиду дәп хуласә чиқирилиду.

Дәристә импульсниң сақлиниш қануниниң векторлик тәсвирнамисигә көңүл қоюш керәк. Шуниң билән биллә импульсниң сақлиниш қануни пәкәт инерциялик санак системисида орунлинидигәнлигини көрситиш һажәт.

Табиат қонунлари орасида барчаси учун муһими ва умумийси сақлиниш қонунни бўлиб хисобланади. Исталған сақлиниш қонунлари системаниң бошланғич ва охирқи холатларини тавсифловчи катталиқлар орасидаги муносабатни ифодалайди.

Сақлиниш қонунлари фақат әпиқ механик системалар учун бажарилади. Шу боисдан “Механик система”, “Әпиқ система”, “Ташқи ва ички күчләр” каби тушунчалар моһиятини англаш лозим.

Импульсиниң сақлиниш қонунини ўрганишда дарсни тўқнашған икки жисимдан иборат әпиқ системадан бошлаш мақсадга мувофиқдир. Мазкур қонун динамиканиң иккинчи ва үчинчи қонунлари асасида келтириб чиқарилади. Бунда ушбу ўзаро тўқнашған икки жисим импульсиниң ўзгариши модули бўйича бир хил, лекин қарама – қарши ишорали экәнлиги исботланади.

Сўнгра қонун таърифланади: Әпиқ система ҳосил қилувчи жисимлар импульслариниң геометрик йииндиси бу системадаги жисимларниң бир -бири билән ўзаро таъсирида ўзгармас бўлиб қолаверади.

Дарсда импульсиниң сақлиниш қонуниниң вектор тавсифига эътибор қаратиш жуда муһим. Шунингдек, импульсиниң сақлиниш қонунни фақат инерциал санак системаларидагина бажарилади.

**Дене импульси** – денениң *массасы мен оның қозғалыс жылдамдығының көбейтінди*сине тең болатын физикалық шама

**Импульс тела** – физическая величина, равная произведению *массы тела на скорость* его движения.

**Жисим импульси** – жисимниң *массиси билән һәрикәт илдамлигиниң көпәйтіндисигә* тәң болидигән физикилик бирлик.

**Жисим импульси** – жисим *массасы ва унинҳаракат тезлигиниң кўпайтмасыга* тенг бўлған физик катталиқ.

$$\vec{p} = m\vec{v}$$

**Дене импульси** *p* әріпи мен белгіленеді.

Импульс арқылы биз денениң басқа денелерге *әсерін сипаттай* аламыз.

**Импульс тела** обозначается буквой **p**.

С помощью импульса мы можем *описать действие*, оказываемое телом на другие тела.

**Жисим импульси** *p* һәрипи билән бәлгүлиниду. Импульс арқилиқ биз жисимниң башқа жисимлар билән тәсирлишишини испатлалаймиз.

**Жисим импульси** *p* ҳарфи билән белгиланади. Импульс орқали биз жисимниң бошқа жисимларга таъсирини тавсифлай оламыз.

**Дене импульсі** – векторлық шама. Дене импульсінің бағыты жылдамдықтың бағытымен үнемі сәйкес келеді.

**Импульс** – векторная величина. Направление импульса тела всегда совпадает с направлением скорости тела.

**Жисим импульси**-векторлық өлчәм. Жисим импульсинің йөнилиши илдамлықның йөнилиши билән дайим мувапиқ келиду.

**Импульс** – вектор катталық. Жисим импульсинің йўналишиқар доим тезлик йўналиши билан устма-уст тушади.

**Дене импульсінің бірлігі** Бірліктердің халықаралық жүйесінде (СИ) секундына  $\frac{кг \cdot м}{с}$  килограмм-метр ( $\frac{кг \cdot м}{с}$ ).

**Единица импульса** в Международной системе единиц (СИ)– килограмм-метр в секунду ( $\frac{кг \cdot м}{с}$ ).

**Жисим импульсинің өлчәм бірлиги** Бірліклернің халықаралық системисиде (СИ)  $\frac{кг \cdot м}{с}$  килограмм-метрнің секундқа нисбети

**Жисим импульсинің бірлиги** Халқаро Бірліклер Системаси (ХБС)да секундига килограмм-метр ( $\frac{кг \cdot м}{с}$ ).

$$[p] = [m][v] = 1\text{кг} \cdot 1\text{м/с} = 1\text{кг} \cdot \text{м/с}.$$

**Күш импульсі** – бұл векторлық физикалық шама, белгілі уақыт аралығында (үдемелі қозғалыста) денеге күштің әсер ету мөлшері, күш пен оның әсер ету уақытының көбейтіндісіне тең.

**Импульс силы** – это векторная физическая величина, равная произведению силы на время её действия, мера воздействия силы на тело за данный промежуток времени (в поступательном движении).

**Күч импульси**- бу векторлық физикилік өлчәм, бәлгүлік вақит арилиғида (чапсан һәрикәттә) жисимға күшнің тәсир қилиш мөлчәри, күч билән униң тәсир қилиш вақтинің көпәйтіндисигә тәң.

**Күч импульси** – вектор физик катталық бұлиб, маълум бир вақт оралиғида (тезланувчан харақатда) жисимға таъсир этувчи күшнинг мдори, күч ва униң таъсир эти ш вақтинің кұпайтмасига тенг.

**Күш импульсінің бірлігі** Бірліктердің халықаралық жүйесінде (СИ)– ньютон-секунд (Н·с).

**Единица импульса** силы в Международной системе единиц (СИ)– ньютон-секунда (Н·с).

**Күч импульсинің өлчәм бірлиги.** Бірліклернің халықаралық системисиде (СИ) – ньютон секунд(Н·с).

**Күч импульсинің бірлиги** Халқаро Бірліклер Системаси (ХБС)да ньютон – секунд (Н·с)

$$[\Delta p] = [F][t] = 1\text{Н} \cdot 1\text{с} = 1\text{Нс}.$$

**Импульстің сақталу заңы:** Тұйық жүйеде барлық денелердің импульстерінің векторлық қосындысы тұрақты шама.

**Закон сохранения импульса:** Векторная сумма импульсов всех тел замкнутой системы есть величина постоянная.

**Импульснің сақланиш қануни:** туюқ системада барлық жисимларның импульслеринің векторлық қосундиси турақлық өлчәм.

**Импульснің сақланиш қонуни:** Ёпқ системада барча жисимлар импульсларинің вектор йигиндиси ўзгармас катталық.



Ұлттық тілде оқитын мектептердің оқушылары есептердің мазмұнын ана тілінде оқи отырып басқа тілде де қолдана білуі үшін көптілде берілген келесі түрдегі есептерді шығару ұсынылады.

**Сапалық есептер:**

Сапалық есептер:

Сифат масалалар:

а) Мылтықтан ұшып шыққан оқ, терезенің шынысын сындырмайды, тек дөңгелек саңылау жасайды. Неліктен? (Оқтың шынымен соқтығысу уақыты өте аз. Осы уақыт ішінде оқтың қысымы тудырған деформация, жайылып үлгермейді).

Вылетевшая из ружья пуля, не разбивает оконное стекло, а лишь делает в нем круглое отверстие. Почему? (Время столкновения пули со стеклом очень мало. За это время деформация, вызванная давлением пули, не успевает распространиться на большее расстояние.)

